

## БЕКІТЕМІН



«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КЕАҚ  
Басқарма Төрағасы-Ректоры  
проф. Н.О. Дулатбеков  
2021 ж.

### Бейіндік магистратура түлектері үшін педагогикалық даярлық бағдарламасын ұйымдастыру регламенті

#### 1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы регламент Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 36, 37, 38, 70-тармақтарына сәйкес әзірленген.
- 1.2. Осы регламент бейіндік магистратураны бітірген және білім беру ұйымдарында педагогикалық қызметпен айналысқысы келетін, сондай-ақ докторантурада (PhD) оқуын жалғастырғысы келетін тұлғаларды педагогикалық даярлау бағдарламасын ұйымдастыру тәртібін қамтиды.
- 1.3. Педагогикалық даярлық бағдарламасына түскен бейіндік бағыттағы магистрлер тыңдаушылар болып табылады.
- 1.4. Докторантураға түскен бейіндік бағыттағы магистрлер педагогикалық даярлық бағдарламасын пререквизиттер ретінде меңгереді.
- 1.5. Педагогикалық даярлық бағдарламасы бойынша оқу ұзақтығы бір академиялық кезеңді немесе 15 аптаны құрайды.
- 1.6. Педагогикалық даярлық бағдарламасы бойынша оқу аяқталғаннан кейін педагогикалық бейіндегі магистратураның білім беру бағдарламасын игергендігі туралы куәлік беріліп, ол меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ЖОО-лар тарапынан міндетті түрде танылады.

#### 2. Бағдарлама құрылымы

- 2.1. Педагогикалық даярлық бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бейіндегі магистрлер даярлаудың қолданыстағы білім беру бағдарламасы негізінде әзірленеді және теориялық оқытуды, педагогикалық практикадан өтуді, қорытынды бақылауды тапсыруды қамтиды.
- 2.2. Теориялық оқыту тыңдаушылардың ғылыми-педагогикалық бейіндегі магистратураның білім беру бағдарламасына кіретін жоғары оқу орны және элективті компоненттер пәндерін оқып зерделеуін көздейді. Оқуға міндетті базалық пәндер құрамына 3 кредит көлеміндегі «Ғылым тарихы мен



философиясы» және 3 кредит көлеміндегі «Жоғары мектеп педагогикасы» кіреді.

2.3. 6 кредит көлеміндегі педагогикалық практика тыңдаушының сабақ беру және оқыту әдістемесін қолданудағы практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жоғары оқу орны базасында өтеді.

2.4. Қорытынды бақылауды тапсыру оқу пәндерін игергеннен кейін жүзеге асырылады.

2.5. Педагогикалық даярлық бағдарламасының еңбек сыйымдылығы 30 академиялық кредитті (ECTS) құрайды.

### **3. Бағдарламаны ұйымдастырушылық қолдау**

3.1. Үміткер Басқарма Төрағасы – Ректордың атына педагогикалық даярлық бағдарламасының тыңдаушылары қатарына қабылдау туралы өтініш береді. Өтінішке транскриптімен магистр дипломының көшірмесі, оқу ақысын төлегені туралы түбіртек қоса беріледі.

3.2. Үміткердің өтінішіне факультет деканы, Академиялық жұмыс жөніндегі департамент директоры, академиялық мәселелер бойынша проректор бұрыштама қояды, білім алушылармен жұмыс жөніндегі қызметке жіберіледі және тыңдаушының жеке ісінде сақталады.

3.3. Басқарма Төрағасы – Ректордың оң қарары негізінде білім алушылармен жұмыс жөніндегі қызмет бағдарлама тыңдаушысын қабылдау туралы бұйрық шығарады және білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасалады. Докторанттарға қатысты тізімдік құрамы мен мерзімдері көрсетілген пререквизиттерді тапсыру туралы Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығы шығарылады.

3.4. Қабылданған тыңдаушының сауалнамалық деректері Ұлттық білім беру деректер базасына енгізіледі.

3.5. Тыңдаушыны оқыту процесін ұйымдастырушылық қолдау белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.6. Ұйымдастыру құжаттарының құрамына академиялық күнтізбе, тыңдаушының жеке оқу жоспары, педагогикалық даярлық бағдарламасының оқу жұмыс жоспары, тыңдаушының академиялық сабақтары мен емтихандарының кестесі, пәндердің оқу-әдістемелік кешендері, педагогикалық практика бағдарламасы кіреді.

### **4. Оқыту нәтижелерін ресімдеу**

4.1. Бағдарлама тыңдаушысының оқу жетістіктерін тіркеуді белгіленген тәртіппен тіркеуші кеңсе жүзеге асырады.

4.2. Тыңдаушы оқу жұмыс жоспарын толық игерген және оқу қызметінің барлық түрлері бойынша қорытынды оң бағалары болған жағдайда Басқарма Төрағасы – Ректор оқытуды аяқтау туралы бұйрық шығарады және ҚарУ үлгісіндегі куәлік беріледі (1-қосымша).



4.3. Куәлікте тыңдаушының оқу жетістіктері, ғылыми-педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасының шифры мен атауы, педагогикалық даярлықтан өту мерзімдері көрсетіледі.

4.4. Куәлікке тіркеу нөмірі беріліп, ол білім алушылармен жұмыс жөніндегі қызметтің арнайы тізілімінде тіркеледі.

## **5. Регламентті бекіту және қайта қарау тәртібі**

5.1. Осы Регламентті ҚарУ-дың Басқарма Төрағасы- Ректоры бекітеді.

5.2. Осы Регламент Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, магистрлерді даярлауға қойылатын басқа да сыртқы талаптардың өзгеруіне байланысты қайта қаралуы немесе толықтырылуы мүмкін.

Басқарма отырысында бекітілді  
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ  
(08.11.2021ж. хаттама № 27)